

Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы жеке тұлғалар өткізетін тауарларды жеке пайдалануға арналған тауарларға жатқызуудың критерийлерін белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 250 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 сәуірде № 10738 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексінің 464-бабының З-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Осы бүйрүқта қосымшаға сәйкес Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы жеке тұлғалар өткізетін тауарларды жеке пайдалануға арналған тауарларға жатқызуудың критерийлері белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д. Е. Ерғожин) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бүйрүқтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бүйрүқты мемлекеттік тіркегеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бүйрүқты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрүқ алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының	
Қаржы министрі	Б. Сұлтанов

	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 250 бүйрүғына қосымша
--	---

Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы жеке тұлғалар өткізетін тауарларды жеке пайдалануға арналған тауарларға жатқызуудың критерийлері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрлігінің 11.01.2017 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүғымен.

1. Кеден одағының кедендік аумағына алып жүретін және алып жүрмейтін бағажда жеке тұлғалар әкелетін тауарлардың сипаттамасы мен санына, сондай-ақ тауарларды өткізу жиілігіне байланысты, жеке пайдалануға арналған тауарларға жатады, егер:

1) олардың саны мынадай көрсеткіштерден аспаса:

ЕАЭО СЭҚ ТН 4303 10 тауар позициясында жіктелетін ан терісінен жасалған бұйымдар (оның ішінде бас киімдер) – бір адамға бір атаудағы, мөлшердегі және үлгідегі 1 (бір) зат;

ұялы телефон, смартфон – бір адамға 2(екі) бірлік;

планшет – бір адамға 2 (екі) бірлік;

портативті тасымалданатын компьютерлер және олардың керек-жараптары (ноутбук, нэтбук)
– бір адамға 1 (бір) бірлік;

зөргерлік бұйымдар – бір адамға 5 (бес) зат;

велосипед – бір адамға 1 (бір) дана;

бала арбасы – бір адамға 1 (бір) дана;

2) Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы жеке тұлғаның өту және (немесе) оның тауарларды өткізу жиілігі айна 1 (бір) реттен аспаса.

2. Кеден одағының кедендік аумағына кез келген тәсілмен әкелінетін жеке пайдалануға арналған көлік құралдары, егер олардың саны жылына 1 (бір) бірліктен асса кәсіпкерлік қызмет мақсатына арналған деп қарастырылады.

3. Көрсеткіштер бұрын пайдалануда болған тауарларға (жеке пайдалануға арналған көлік құралдарын қоспағанда) қатысты қолданылмайды.